

Т.С. Ғабдрахман

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: tolegen88@mail.ru)*

Жазушы К. Тоқаев шығармаларындағы сөздік құрамның сипаты

Мақалада детектив жанрындағы көркем шығармалардың лексикалық қабаты, сөздік құрамы зерттелген. Зерттеу нысанына қазақ әдебиетінде осы жанрда алғаш шығармалар жазған Кемел Тоқаевтың шығармашылығы, оның ішінде «Солдат соғысқа кетті», «Соңғы соққы», «Түнде атылған оқ» туындылары алынған. Мақала мақсаты — қазақ детектив жанрындағы, соның ішінде К. Тоқаев шығармаларындағы сөздік құрамды сипаттау, лексикалық қабаттардың ерекшеліктерін анықтау. Осыған орай аталған шығармалардағы актив және пассив лексиканы, кірме сөздерді, көнерген сөздерді талдау міндеттері қойылды. К. Тоқаев шығармаларында әскери лексиканың кеңінен пайдаланылатыны байқалды: олар әскери шен, лауазым, қару, нысан, киім, т.б. атаулары. Бұл сөздердің басым көпшілігін орыс тілінен енген сөздер құрайды. Олар өзгермеген дайын түрінде немесе қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық заңдылықтарына сай өзгертіліп алынған. Әскери лексиканың қолданысын детектив жанрының ерекшелігіне жатқызуға болады. Олар шығарманың актив лексикасын құрайды. Бұдан бөлек шығарма тілінде діни лексика, мәдени лексика да едәуір көрініс табады. Шығармаларда кірме, жаңа сөздерге қарағанда көнерген сөздердің аз қолданылуы заңды, өйткені бұл туындыларда совет дәуіріндегі кезең, соғыс уақыты сипатталады. Ал бұл Ресей үкіметінің әр алуан әскери, әкімшілік, заң-тәртіп орындары, олардың бұйрық-жарлықтары, ереже-нұсқауларының басым бөлігі орыс тілінде болған уақыты.

Кілт сөздер: детектив жанры, лексикалық қабат, әскери лексика, мәдени лексика, діни лексика, кірме сөздер, көне түркі сөздері, көне араб сөздері, көнерген сөздер, актив лексика, пассив лексика.

Kipicne

Кез келген көркем шығармада автор халық тілінің бар байлығын қолдануға тырысады. Халық тілі сол халықтың шынайы этникалық болмысының көрінісі екені мәлім. Көркем шығармалар тілінің зерттелу теориясына қатысты әр жылдары көптеген еңбектер жазылды. Мәселен, Е. Жанпейісов «Қазақ прозасының тілі», Р. Сыздық «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)», Б. Шалабай «Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері», Ш. Мажитаева «XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі» сынды еңбектер жазды. Бұдан бөлек шығарманың сөздік құрамын зерттеу үшін қазақ лексикологиясын зерттеген Ә. Болғанбаев, С. Исаев, Ғ. Мұсабаев, І. Кеңесбаев, Ө. Айтбаев сынды лексиколог ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз. Сол зерттеулерде сипатталған лексикалық қабаттардың ерекшелігіне, шығу арналарына, қолданыс мүмкіндіктеріне негіздейміз.

Осы уақытқа дейін қазақ прозасындағы көптеген көркем шығармалардың тілі лексикалық тұрғыдан жан-жақты сипатталғаны анық. Алайда қазақ детектив жанрындағы шығармалардың сөздік құрамының сипаты, ондағы лексикалық қабаттардың ерекшеліктері бұған дейін зерттеу нысанына алынбай келді. Сондықтан қазақ детектив жанрын қалыптастырушылардың бастауында тұрған К. Тоқаев шығармаларының мысалында детективтік шығармалардың лексикасын, сөздік құрамын зерттеу, ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туады.

Зерттеу әдісі мен материалы

Зерттеу әдісі ретінде, негізінен, сипаттамалы әдіс пайдаланылды. Зерттеу нысаны көркем мәтін лексикасы болғандықтан сөздік талдау, семантикалық талдау амалдары қолданылды. Тілдік айғақтарды сипаттау үшін контекст ескеріліп отырды.

Зерттеуге материал ретінде жазушы Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы, «Соңғы соққы» романы, «Түнде атылған оқ» повесі алынды.

Әдеби тіл — халықтық не ұлттық мәдениеттің белгілі бір көрінісі, ол әрбір халықтың өзі жасап отырған дәуіріндегі қоғамдық-экономикалық, саяси-шаруашылық өмірімен тікелей байланысты. Сонымен бірге ол өзінің ішкі даму заңы бойынша да өрістейді. Тіл өзі қызмет етіп отырған ортаның мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерімен, яғни ғылымның, өнердің, әдебиеттің, қоғамдық ойдың т.б. даму дәрежесімен қоян-қолтық араласып, астасып жатады [1; 23]. Осы тұрғыдан келгенде жазушы К. Тоқаев шығармаларының тілі әдеби тілдің даму заңдылығына сай өз дәуірінің өмірінен көрініс беретін лексикалық қабаттардан тұрады деп айта аламыз. Себебі 1941–1945 жылдар аралығындағы Екінші дүниежүзілік соғысты, сол кезеңдегі өмірді суреттейтін жазушы шығармаларының тілі сол уақыттың қоғамдық, саяси, шаруашылық өмірімен тікелей байланысты.

Детектив жанры — бірнеше ғасырдан бері әлем әдебиетінен ойып орын алған жанр, сонымен қатар қазіргі заманда шетел оқырмандарын айтпағанның өзінде, біздің оқырмандарымызды өзіне толайым қаратып, алған жанр. Оның басты себебі — оның желісінде заман сарынының, өмір көріністерінің деректері басым, оның басқа әдеби жанрдан ерекшелігінің өзі осында» [2; 90].

Жазушы әскери ұғымдарды көп ретте сол қалпында атап, өзгеріссіз береді. Қаламгердің туындыларындағы қылмыскердің өкініші, қоғамдағы жат қылықтарды әшкерелеуі, әділетсіздік пен заңсыздықтың арасындағы тартысты анықтауы, қылмыскерді тұтқындай отырып, адамгершілік танытуы аталмыш шығармаларында айқын бейнеленеді [3; 75].

К. Тоқаев шығармалары тілінің лексикалық құрамының негізі — алдыңғы дәуірлерден сұрыпталып, нормаланып келген сөз байлығы. Оның басымы — қазақтың төлтума, екінші қабаты — кірме сөздер. Әдетте, сөздік — заман айнасы. Сондықтан жазушы шығармаларында совет үкіметі кезеңіне дейінгі зат, ұғымдардың өмірден бірте-бірте қалып бара жатқанына қарай және сөз мағынасының ішкі семантикалық қозғалыс заңына орай кейбір сөз топтарының тіл тәжірибесінен ығыса бастауы немесе керісінше, қазақ даласына XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында келе бастаған жаңа әлеуметтік, экономикалық, саяси құбылыстарға байланысты көптеген соны сөздердің пайда болуы сияқты үдерістердің жүргенін танытатын сөздер қолданылады. Шығармада қолданылған қоғам өмірінен әлі толығымен кетпеген бұрынғы ұғым, зат, құбылыс атаулары, соғыс кезінде пайдаланылған қару-жарақ атаулары, әскери бөлімшелер мен құрылым атаулары, қазақ тұрмысында бұрын қолданылмаған жаңа зат атаулары сол кезеңдегі әдеби тілдің актив лексикасын құрайды. Алайда олардың біразы бүгінде пассив лексика қабатына өткен.

Зерттеу материалы ретінде алынған К. Тоқаев шығармаларының тілінде әскери сөздер мен терминдер жиі пайдаланылады. Оның тілінде *зеңбірек, қосауыз, мылтық, оқ, оқ-тұтқыш, ұңғы, дүрбі* деген қару-жарақ, құрал-сайман атаулары; *ұрыс, шабуыл, шеп, жорық, майдан, соғыс, бөлімше, бекініс, әскери сап, тыл* сынды әскери орын, нысан атаулары; *әскери дабыл, атыс, жаттығу* секілді әскери әрекет атаулары; *жауынгер, атқыш, барлаушы, жансыз* сияқты әскери адам атаулары, т.б. белсенді қолданылады. Мұндай сөздер *жарылу, борату, ату, қирату, жаралану, жою, барлау, қарулану, шегіну, көздеу, тергеу* сынды етістіктермен тіркесіп, әскери іс-әрекеттерді сипаттайды.

Әрбір тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы ғана болмайды. Сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден де алу арқылы да байып, жетіліп отырады. Кірме сөздер дегеніміз — бір тілден екінші бір тілге енген бөтен тілдің элементі (сөз, морфема, синтаксистік құрылыс т.б.). Сөздің басқа тілге кіруі — тілдің қатынас нәтижесінде болатын тарихи құбылыс. Кірме сөздерді тек қана этимологиялық талдаудың көмегімен анықтауға болады, өйткені ол сөзді пайдаланып жүрген тілде оның бөтендігі білінбейді [4; 128]. Жазба әдеби тілдің дамуындағы заңдылықтардың бірі өзге тілдерден сөз алу сипатында көрінеді.

К. Тоқаев шығармаларындағы әскери лексиканың басым бөлігін орыс тілінен енген кірме сөздер құрайды: *тактика, разведка, атака, паек, подъем, награда, марш, боец, бронь, командование, операция, НЗІ* (қол сұқпайтын запас — К. Тоқаев), *рация, т.б.*

1940-жылдардан былай, әсіресе, соғыс жылдары кезінде тілімізде орыс сөздерінің баламасы болса да, аударылмай алынып, көркем шығармаларда да русизмдер мен шетелдік термин сөздердің саны шамадан тыс көбейгені мәлім. Бұған себеп — 1933-жылы «қазақ тілінде баламасы болсын, я болмасын шетел және орыс тілдерінен кірген интернационалдық терминдер мен советизмдер аударылмай қабылдансын» деген принцип басшылыққа алынды [5; 174].

1960–80-жылдары жазылған повестерде русизмдер көп кездеседі. Бұған ең басты себеп — әрине, «замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі [6; 10].

Орыс тілінен енген әскери лексиканың басым бөлігін әскери терминдер құрайды. Әскери терминдердің негізгі белгілерінің бірі — бірмағыналылық. Бұл — термин атаулының барлығына тән сипат. Егер бірнеше мағынаны білдіретін болса, сөз термин ретінде сараланып алынбаған болар еді. Мәселен әскери терминология жүйесінде аға сержант, кіші сержант басқа мағынада қолданылмайды. Бұл — әскери терминдердің өзіндік бір белгісі [7; 78].

Терминдер бейтарап болып келеді. Олар белгілі бір салаға байланысты ғылыми және қызметтік ұғымдар болғандықтан, адамның сезіміне әсер етпейді. Оларда эмоционалды-экспрессивтік қасиет жоқ. Бейтарапты дейтініміз де содан. «Термин мәселесінде біраз пікірталас туғызып жүрген мәселе — терминнің стильдік ерекшелікке бейтараптығы, яғни эмоционалды экспрессивті мәнді білдірмеуі. Әскери терминдер — әскери іс, әскери сала, әскери оқу орындары сияқты қолданылу ортасы бар терминдер. Осы ортада олар стильге бейтарап, басқа ортада әскери терминдер стильдік реңк беруі мүмкін, бірақ олардың әскери терминге қатысы жоқ» [8; 12].

«Қазақ тіліндегі әскери лексика» тақырыбында диссертация, кейін монография жазған зерттеуші Т.Б. Байжанов әскери терминдерді лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай төртке бөледі:

- 1) жауынгерлік қару-жарақ пен құрал-саймандардың атаулары;
- 2) әскери шен атаулары;
- 3) әскери бөлім (құрама) атаулары;
- 4) әскери техника атаулары [9].

Кейбір зерттеулерде әскери лексика мағыналық тұрғыдан үш топқа бөлінеді:

- 1) әскери қару-жарақ, құрал-жабдықтарға қатысты сөздер;
- 2) әскери атақ, кәсіби бейімділікті білдіретін сөздер;
- 3) әскери іс-әрекет, пәрмендер атаулары [10; 11].

К. Тоқаев шығармаларында кездесетін әскери терминдерді біз өз тарапымыздан келесідей топтарға бөлдiк:

Әскери шен, лауазым атаулары: *ефрейтор, старшина, политрук, курсант, лейтенант, солдат, командир, капитан, сержант, комбат, комиссар, офицер, майор, полковник, обер-лейтенант, генерал, командерм, ординарец, парторг, т.б.*

Әскери құрылым атаулары: *взвод, батальон, рота, дивизия, полк, колонна, артиллерия, армия, пехота, десант, гарнизон, т.б.*

Әскери көлік, қару мен құрал-жабдық атаулары: *бомба, зенитка, пулемет, винтовка, ствол, пистолет, затвор, снаряд, миномет, автомат, патрон, пушка, гильза, Катюша, граната, ПТР-1 (танкке қарсы ататын мылтық — К. Тоқаев), мина, осколка, КВ-85, наган, танк, бронетранспортер, самолет, аэроплан, т.б.*

Әскери киім атаулары: *пилотка, шинель, каска, форма, гимнастерка, кепка, т.б.*

Әскери нысан атаулары: *штаб, военкомат, санбат, трибунал, амбразура, блиндаж, зона, госпиталь, отделение, окоп, траншея, линия, т.б.*

Әскери сала адамына қатысты атаулар: *товарищ, агент, шпион, дезертир, бомбардировщик, пулеметчик, фашист, патруль, фриц, герой, фюрер, гвардеец, т.б.*

Әскери іс-әрекет, пәрмен атаулары: *тактика, разведка, подъем, операция, т.б.*

Әскери терминдердің детектив жанрында жазылған К. Тоқаев шығармаларының тілінде болуы заңды. Оларсыз жазушы шығармадағы оқиғаларды, іс-әрекеттерді толыққанды сипаттап, тақырыпты аша алмас еді. Бұдан бөлек әскери лексикаға жатпайтын, бірақ әскери образдарды ашу үшін тиімді қолданылған басқа да кірме сөздер кеңінен қолданылған. Мәселен, *лопата, кружка, состав, паровоз, сухари, норма, запас, село, понос, здесь, сейчас, сюда, кочегар, коллектив, времянка, комиссия, санитарка, зажигалка, документ, бинт, кухня, люк, противагаз, пароль, хозчасть, дело, адрес, шиняп, одеял, трофей, завод, заем, путевка, аупотребсоюз, шофер, баранка, эксперт, атаман, т.б.*

Тілдегі кірме сөздердің негізгі топтары (зат есімдер, етістіктер, сын есімдер) фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік өзгерістерге ұшырайды [11]. К. Тоқаев орыс тіліндегі дыбысталуы сақталып, еш өзгеріссіз дайын күйінде енген сөздерді көп қолданады. Мысалы: *медаль, анархия, парашют, дермантин, эшелон, разъезд, станция, вагон, папиросы, «Беломор», флаг, перрон, компас, диагноз, контузия, махорка, котелок, тамбур, альбом, крест, фельдшер, планишет, телепатия, термос, презент, контрабандист, палатка, экипаж, мотор, парашют, механика, карта, шеф, экран,*

ошибка, много, т.б. Дегенмен қазақ тілінің заңдылықтарына сай қалыптанған сөздер де кездеседі: *бәтіңке, қолфонар, конпеске, лөгдір, т.б.*

Қазіргі әдеби тілімізде бұл сөздердің басым көпшілігінің аудармасы бар. Мысалы «революция» деген сөз «төңкеріс», станция «бекет», разведка «барлау», состав «құрам», пистолет «тапанша», награда «марапат», армия «әскер», т.б. болып қазақша қолданылып жүр.

Зерттеу нысанына алынған К. Тоқаев шығармалары советтік дәуірдің келбетін суреттейді. Сол себепті орыс сөздері кейіпкер тілінде де, авторлық баяндауда да жиі ұшырасады. Автор кейбір орыс сөздерін кейіпкерлердің сөздерінде солардың бейнесін ашу үшін қолданады. Мәселен:

Өзі білетін шала орысшасымен сөйлеп жатыр:

Боец Бабахунов **здесь, сюда** жүр. Әлгінде дәрет сындыруға кеткен. Міне, **лопатасы**, қалайы **кружка** да соныкі, — деп қолын ербеңдетіп ымдап түсіндіреді. — Оныкі **құрсақ больной**, іш өтеді. **Понос!**

Товарищ командир, мен **здесь**, мұндамын! **Здесь** жүрмін! Қарын **полный**, құрсақ **болит**. Іш өтеді. **Сейчас** келем! («Солдат соғысқа кетті»)

Бұл диалогте орысшаға шорқақ Қойбағаров пен Бабахуновтың бейнесін ашу үшін автор олардың сөздеріне кірме сөздерді қосып сөйлетеді.

Келесі мысалда автор кірме сөздерді өзгертіп алады.

Садық мойнын бұрып, одырая қарады.

— *Өй, мынауың мұсылман ғой, қазақшаға жылмайды ғой!* — деп өзінше орысшалағансыды. — *Садық бар, жақсы ат бар. Ат много. Сенікі мала-мала отдыхайт керек. Қазы кушат. Құрсақ большой* болсын. Сонан соң *пошел кетесің!*

Жаркоз тыжырынып:

— *Қазақша жылмайды, сылмайды не знайт*, — деп қолын сермей сөйледі. — *Тоқтамайық!* — *Быстро* кетіс керек, Ғапаров мырза! *Шорман күңк етті.*

— *Мына шіркін, кісіге тамақ жегізбейін деді-ау!* Әукен Жарковтың күйгелектігін орынсыз көргендей шынтағымен оның тізесін ақырын басып:

— *Бекер әбігерленесің, Жарков мырза. Біз сенімді жақсы үйде, өз үйімізде отырмыз. Мырза вне подозрений.* Бұл жерден ешқандай жау алмайды. Анау-мынау болса, жауапты мына мен беремін, — деп өзінің дәрежелі, маңызды кісі екенін сездірді.

— *Ғапаров мырза, сен бдительность* дегенді жойғансың. Сенікі бас істемейді. Қазір шекарашылар милициясымен қоса өкшелеп қуып келсе не істейсің? Ондай *безответственный* жауабың керек емес. Тез тауға кетейік, — деп орнынан атып тұрып *наганының* бірін қалтасына, екіншісін беліне қыстырды («Соңғы сокқы»).

Қазақ тілінде баламасы бола тұра, оны басқа тілдің сөзімен беруді Ғ. Мұсабаев варваризм санайды. Алайда К. Тоқаев оларды стильдік тәсіл ретінде пайдаланады. Р.Сыздық: «Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, кейіпкердің мінез-құлқын, алған білім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Бұл — стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы жазушының сөз құдіретін тану шеберлігіне алып барады», — дейді [12].

Біз жазушының шығармасында қолданылған орыс сөздерін варваризм демес едік. Өйткені К. Тоқаев бұл сөздерді уәжсіз қолданбайды. Егер қате айтылған орыс сөздерін кейіпкер сөзіне қосатын болса, онда сол кейіпкердің орыс тіліне шорқақ өзге ұлт екенін көрсету үшін немесе соғыста жүрген әр ұлттан құралған жауынгерлердің өзара қатысым тілі орыс тілі болғанын көрсету үшін мақсатты түрде қолданады. Бұны бір себебі дер едік. Ал екінші себебі қазақ ұғымында, дүниетанымында жоқ болмыстағы дүниелерді, заттарды сипаттау болып табылады.

Белгілі бір ұлт тілінде өзге тілдің сөздерін қолдану кей жағдайда қажеттіліктен туатыны рас: «Слова такого рода не суть не что иное, как стилистически маркированные замещения лексических лакун. Поясним это понятие следующим образом. Составляется текст на языке Я1, в котором необходимо обозначить явление, отсутствующее в быту и культуре носителей языка Я1 и наличествующее у носителей языка Я2. Это явление называется отсутствующей реалией. Его обозначение, производимое посредством лексической единицы Я2, следует считать замещением лексической лакуны Я1». Мұндай сөздерді зерттеушілер реалий-сөздер немесе вкрапления, яғни басқа сөзді үстеу, қосу деп атайды [13; 7].

«Иноязычные слова-реалии — неотъемлемая принадлежность реалистических произведений, авторы которых обращают свои взоры на быт и культуру сопредельных и далеких народов» [13; 10].

Сондықтан К. Тоқаев қолданған орыс сөздері шығарманы шынайы жазу үшін, қазақ тұрмысында, мәдениетінде жоқ заттарды көрсету үшін уәжді қолданылған деп айтуға болады.

Октябрь революциясы қазақ қауымына, сонымен бірге қазақтың әдеби тіліне ұлы өзгерістер енгізген дәуір болды. Қазақ тілі лексикасының баюы, молаюы совет өкіметі тұсындағы қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени зор өзгерістермен байланысты екені анық. Қазақ сахарасында совет өкіметінің орнап, жаңа өскелең мәдениеттің, ғылым мен техниканың, оқу орындарының келуі қазақ халқының экономикасын, әлеуметтік тұрмысын өзгертіп, сонымен қатар әдеби тілін жаңа сатыға көтеріп, оның қолданылу аясын, жұмсалыу арнасын кеңейте түсті, өйткені әрбір жаңа қоғамдық құбылыс, әрбір жаңа ұғым өзімен бірге жаңа сөз бен тіркестерді ала келеді немесе ескіні жаңартып, жаңғыртады.

Қазақстанда социализм жеңіп, жаңа қоғам орнауымен байланысты қазақ тілінің лексикасы жалпы саясаттық және әкімшілік істері терминдерінің кіруімен байи түсті: саясат және мемлекет, сыртқы және ішкі саясат, соғыс және бейбітшілік мәселесі, ұлт мәселесі, мемлекеттік жаңа басқару органдарымен байланысты туған көптеген жаңа ұғымдар пайда болды. Әсіресе революция, оның жеңісі, революциялық қозғалысқа байланысты туған сөздер әр алуан [14].

Жаңадан партия, совет органдарының, мекемелерінің қазақ даласына келуімен қазақтың ұлттық тіліне көптеген жаңа мекеме, ұйым, лауазым, қызмет, т.б. атаулары енді.

К. Тоқаев шығармаларында совет өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ тіліне ене бастаған жаңа сөздер, терминдер көп кездеседі. Мұндай советизмдердің қатарына *Ревком, комсомол активі, колхоз, ақгвардияшыл, Қызыл Армия, уез, бәлшебек, аунопребсоюз, мелица, т.б.* жатқызуға болады. Жазушы шығармасындағы советизмдер шығармада сипатталып отырған дәуірдің бейнесін ашу үшін қажеттілік болып табылды.

Қазақ тілінің сөздік қорында араб және парсы, монғол тілдерінен енген сөздер қай кезеңде де көп кездеседі. Оған Орта Азия халықтарының ислам дініне кіруі, арабша оқу-ағартудың орын алуы, ортағасырлық түркі әдебиетінің қазақ халқына да таныс болуы секілді түрлі себептер әсер етті. Бұл процестер өте ерте уақытта жүргендіктен, олардың басым көпшілігі қазақтың өз сөздері ретінде кірігіп, ара-жігі ажырамастай болып кеткен. Дегенмен этимологиялық сөздіктерге жүгінбей-ақ, олардың араб не парсы сөзі екенін бірден тануға болатын сөздер бар. Олар К. Тоқаев шығармаларында да едәуір мөлшерде кездеседі. Олардың бір тобы дерексіз ұғымдарды білдіретін, халық тіліне сіңген сөздер болса, келесі тобы ислам дініне қатысты ұғымдар мен дін иелерінің аттары құрайтын діни лексика: *мәулет, михнат, халпе, мәзін, молда, құдырет, аят, дұға, шейіт, Тәңірісі, фәни, Алла, бақи, иман, Құран, мінәжат, мешіт, пайғамбар, жаназ, мұсылман, парыз, әруақ, дін, оллаһи, астапыралла, т.б.* Мұндағы фәни (араб.) — жалған, өтпелі, опасыз дүние; бақи (араб.) — мәңгі, т.б.

Бұлардың қатарында қазір қолданыста сирек кездесетін көне араб сөздері бар. Мәселен: Абыр-жып, күйзеліп тұрған шешеме *«Анау молдакең шапан дайын болса әкеп бере гой, ертең жұма намазына киіп шығайын деп өтініп қалып еді. Халпе, мәзінді алдағаны күнә болар. Соны апарып бере қояйын. Бөгелмей тез оралам», — дейді («Солдат соғысқа кетті»).*

Мәзін. зат. діни. Муфтидан кейінгі діни лауазым, азан шақырушы. Бірақ, шындыққа келсек, қазақ қауымы үшін молда, сопы, **мәзін**, қари, қалпе, дәруіштерің ешқандай еңбек қалдырмапты (Ж. Молдағалиев, «Алғашқы қоңырау», 118 б.). Халфе, қари, **мәзін** сияқты діндарлар да аз емес (М. Әуезов, «Абай жолы», 1-т., Б. 20). — Өне, мешіт мұнарасына **мәзін** көтеріліп барады (Жұлдыз, 1972, № 6, Б. 115) (Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2014. — 728 б.).

Қалпе, халпе, халфе, хәлфе. 1. Дін мен үкіметті қатар билеушінің титулы. 2. Діни жетекші. Әкеміз Өндір қалпе қажы деген, Мұхамедғали ерұр өзім атым («Қисса Шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып»). Бабалар сөзі, 100 томдық, 9-том. 2004). Ақсүйек ата пірдің баласы едің, Халфенің дін үйреткен тазасы едің, Шақырса бұған келмей ме, Қазрет, халпе, биіңіз («Қашаған Күржіманұлы»). Бес ғасыр жырлайды. II том. 1984). 3. Медресе шәкірті, дін жолын қуушы шәкірт. Күні кеше Қуандықтан шыққан арық Қоңырбай, Айқожа ишаннан халфе болып шығып... («Ер Едіге»). Бабалар сөзі. 100 томдық, 39-том. 2006).

Жазушы шығармасында қолданылған келесі сөздер тобы — көнерген сөздер. Бұлар, сөзсіз, пассив лексиканы құрайды: *лау, пілтелі шам, кіреуке, т.б.*

Лау — монғол сөзі (моғолша «ұла»). Шыңғысхан заманынан қалыптасқан алғашқы пошта. Қызмет бабымен келген адамдарды бір бекеттен екінші бекетке, бір ауылдан екінші ауылға жеткізіп салатын күш-көлік.

Кіреуке. Сауыт үстінен киетін, болат сымнан өріп жасайтын торлы сауыт.

Пілте (білте). Шам, шырақ сияқты жарық беретін құралдарды тұтандыру, от алдыру үшін пайдаланылатын ширатылған, өрілген мақта жіп.

Көнерген сөздерді К. Тоқаев кей кезде жаңа мағынада қолданады. Мәселен лауды жауынгерлер, әскери құрылымдар арасында хат-хабар тасушы ретінде қолданады.

К. Тоқаев шығармаларында кездесетін көнерген сөздердің дені әкімшілік құрылымдарға, саяси ұғымдарға қатысты атаулар болса, екінші тобы мәдени лексиканы құрайды: *жерошақ, жертөле, сыбаға, қыстау, кимешек, камзол, барқыт шапан, ақсарбас, бәкі, қамшы, албар, т.б.*

К. Тоқаев шығармаларының сөздік құрамында кездесетін келесі лексикалық қабат — говорлар. Говорлардың жазушы шығармасында ауыспалы және жергілікті түрлері кездеседі.

Шығармалардағы ауыспалы говорлар басқа тілден жергілікті халықтың бір бөлігіне ауысып, басқаларына тарамған тіл ерекшелігін көрсететін мысалдар болып келеді. Ауыспалы говордың пайда болуына қазақ халқының қонысының (географиялық) жағдайы мүмкіндік туғызған. Қазақ халқы өзіне көрші халықтармен араласудың нәтижесінде, сол аймақтарда тұратын тұрғындардың тілінен өзіне сөз ауысып алып отырған. Жазушы тіліндегі *дәйіс, сенек, жүдә сынды сөздер осы қатарға жатады*. Мұндағы *дәйіс* сөзі Қазақстанның оңтүстік жағы өзбек халқымен шектеседі, сондықтан қазақ және өзбек халықтарының арасында байланысының нәтижесінде ауысып келген говор саналады.

Жергілікті говорлар болса, белгілі территорияда ғана қолданылатын дублетті сөздерді құрайды. Зерттеу материалына алынған шығармалардан алынған *там, еметай, нәлсіз, ауқат, т.б.* сөздері осы жергілікті говорларға жатады.

Шығармада қолданылатын говорлар арқылы жазушы кейіпкерлердің бейнесін ашады. Олардың тіліндегі говорлар арқылы кейіпкердің қай өңірдің тумасы екенін көрсеткісі келеді. Мысалы, «Солдан соғысқа кетті» шығармасында говорлар жиі ұшырасады. Неге десеңіз, майданға әр аймақтан жиналған жауынгерлер бар. Олардың ішінде қазақ жерінен болғанмен, әр өңірден келген сарбаздар бар. Мінеки солардың бейнесін толық ашып, қай жердікі екенін таныту үшін жазушы говорларды ұтымды қолданады.

Детективтік шығармалардың жазылу талаптарына сай, детективтік романдарда ұзақ сипаттамалық үзінділер болмауы керек [15]. Осыған сәйкес, жазушы К. Тоқаев шығармадағы оқиғаларды жинақы әрі нақты етіп береді. Қолданатын сөздік қорды да жанрлық ерекшелікке сай іріктеп қолданады.

Тілдегі кірме сөздердің негізгі топтары (зат есімдер, етістіктер, сын есімдер) фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік өзгерістерге ұшырайды.

Қорытынды

Жазушы К. Тоқаев шығармаларындағы сөздік құрамды талдай келе мынадай қорытындылар жасауға болады:

- К. Тоқаев шығармаларында кірме сөздер көп кездеседі. Олардың қатарында араб, парсы, орыс тілінен енген сөздер бар. Орыс тілінен енген сөздерді сол кезеңді суреттеуде, көркем бейне жасауда қолданған. Орыс тілі сөздерін қазақ тілінің грамматикалық заңына бағындырып немесе сол қалпында қолданған;

- К. Тоқаев орыс сөздерін уәжсіз қолданбайды. Олардың басым көпшілігі қазақ ұғымында, дүниетанымында жоқ болмыстағы дүниелерді, заттарды сипаттау үшін жұмсалады;

- детектив жанрындағы шығармалар тілінің басым бөлігін әскери терминдер құрайды. Әскери терминдер — бұл нақты ұғымдарды дәл білдіруге арналған және әскери білім мен ғылым саласында лингвистикалық тұрғыдан қолданылатын арнайы тілдік қолданыстар. Олар түрлі құрамда жұмсалып, әскери салаға қатысты ұғымдарды білдіреді;

- көп болмағанымен, шығармаларда көнерген сөздер кездеседі. Олардың дені мәдени лексиканы құрап, ұлт болмысы мен тарихын танытады;

- жазушы көбіне кейіпкерлер тілінде ауыспалы және жергілікті говорларды ұтымды қолданады;

- говорлар негізінен кейіпкердің мінез-құлқын, шыққан жерін, өскен ортасын, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы / Р. Сыздықова. — Алматы: «Ел-шежіре», 2014. — 352 бет.
- 2 Мұқажанова Р.М. Қазіргі қазақ прозасындағы жаңа үрдіс / Р. Мұқажанова // Жоғары білім беру жүйесі: дәстүр мен инновация. — Семей, 2018. — Б. 90–92.
- 3 Жунусова А.К. Жазушы Кемел Тоқаев шығармашылығы және ұлттық детектив жанры / А.К. Жунусова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — № 2(102). — Б. 75–80.
- 4 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі / Р. Сыздықова. — Алматы, 2004. — 616 б.
- 5 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің лексикасы / Ғ. Мұсабаев. — Алматы, 1996. — 498 б.
- 6 Сулейменова Б. О русских словах в произведениях Абая / Б. Сулейменова // Изв. АН КазССР. Сер. общ. наук. — Алматы, 1964. — Вып. 4. — С. 15.
- 7 Кадырова Б.М. Қазақ тіліндегі әскери терминдердің лингвистикалық сипаты / Б.М. Кадырова, Н.Б. Ағалиева, Р.О. Жуманбаева // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. — 2022. — № 3. — Б. 75–86.
- 8 Шенгелбаева Н.Р. Қазақ тіліндегі әскери терминдердің сөзжасам жүйесі [Мәтін]. Филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. / Н.Р. Шенгелбаева. — Алматы, 2009. — 30 б.
- 9 Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика [Мәтін] / Т. Байжанов. — Алматы, 1991. — 158 б.
- 10 Қожағұлова Қ. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалымы [Мәтін]. — Алматы, 2006. — 203 б.
- 11 Montler T. The Grammar of Traditional Personal Names in Klallam [Electronic resource] / T. Montler // Anthropological Linguistics. — Vol. 63. — P. 211–225. Access mode: <https://www.jstor.org/stable/27260580> (Date of application: 12.12.2023)
- 12 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі / Р.Сыздық. — Алматы: Жазушы, 1995. — 437 б.
- 13 Копыленко М.М. Казахское слово в русском художественном тексте / М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаева и др. — Алма-Ата: Ғылым, 1990. — 168 с.
- 14 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері / С. Исаев; құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес және проф. Н.С. Исаева. — Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. — 640 б.
- 15 Van Dyne S.S. Twenty rules for writing detective novels / S.S. Van Dyne // How to make a detective. — М.: NPO «Rainbow», 1990. — 317 p.

Т.С. Габдрахман

Описание словарного состава произведений писателя К. Токаева

В статье рассмотрены лексический пласт и лексика литературных произведений детективного жанра. Объектом исследования является творчество Кемеля Токаева, написавшего первые произведения этого жанра в казахской литературе, в том числе произведения «Солдат ушел на войну», «Последний выстрел», «Выстрел ночью». Цель работы — описание лексики в казахском детективном жанре, в том числе в произведениях К. Токаева, выявление особенностей лексических пластов. В связи с этим была поставлена задача — проанализировать активную и пассивную лексику, заимствованные, устаревшие слова и др. В произведениях К. Токаева замечено широкое употребление военной лексики — это воинские звания, должности, оружие, предметы, одежда и т.п. Большинство из этих слов взяты из русского языка. Они принимаются в неизменном виде или видоизменяются согласно фонетическим и грамматическим правилам казахского языка. К особенностям детективного жанра можно отнести использование военной лексики. Они формируют активный словарный запас произведения. Кроме того, в языке произведений существенно отражены религиозная лексика и культурологическая лексика. В произведениях естественно, что устаревшие слова используются реже, чем неологизмы, поскольку в них описывается период советской эпохи, время войны. И это оправданно, поскольку большинство различных военных, административных, правоохранительных учреждений российского правительства, их приказы и инструкции были изданы в то время на русском языке.

Ключевые слова: детективный жанр, лексический пласт, военная лексика, культурная лексика, религиозная лексика, иностранные слова, устаревшие слова, активная лексика, пассивная лексика.

T.S. Gabdrakhman

Description of the vocabulary of the works of the writer K. Tokayev

In the article the lexical layer and vocabulary of literary works of the detective genre was examined. The object of the study is the work of Kemel Tokayev, who wrote the first works of this genre in Kazakh literature,

including the works “The Soldier Went to War”, “The Last Shot”, and “Shot at Night”. The purpose of the article is to describe the vocabulary in the Kazakh detective genre, including in the works of K. Tokayev, to identify the features of lexical layers. In this regard, the task was set to analyze active and passive vocabulary, borrowed words, obsolete words and others. In the works of K. Tokayev, a widespread use of military vocabulary is noted: these are military ranks, positions, weapons, objects, clothing, etc. Most of these words are taken from Russian. They are accepted unchanged or modified according to the phonetic and grammatical rules of the Kazakh language. A feature of the detective genre is the use of military vocabulary. They form the active vocabulary of the work. In addition, the language of the works significantly reflects religious vocabulary and cultural vocabulary. In works, it is natural that obsolete words are used less often than neologisms, since these works describe the period of the Soviet era, the time of war. And this is the time when most of the various military, administrative, law enforcement agencies of the Russian government, their orders and instructions were in Russian.

Keywords: detective genre, lexical layer, military vocabulary, cultural vocabulary, religious vocabulary, foreign words, obsolete words, active vocabulary, passive vocabulary.

Reference

- 1 Syzdyqova, R. (2014). Qazaq adebi tilinin tarikhy (XV-XIX gasyrlar): Koptomdyq shygarmalar zhinagy [The history of the Kazakh literary language (XV-XIX centuries)]. Almaty: «El-shezhire» [in Kazakh].
- 2 Muqazhanova, R.M. (2018). Qazirgi qazaq prozasyndagy zhana urdis [A new process in modern Kazakh prose]. *Zhogary bilim beru zhuiesi: dastur men innovatsiia — Higher education system: tradition and innovation* (pp. 90-92). Semei [in Kazakh].
- 3 Zhýnýsova A.K. (2021). Zhazushy Kemel Toqaev shygarmashylygy zhane ulttyq detektiv zhanry [The work of the writer Kemel Tokayev and the genre of the National Detective]. *Qaraǵandy universitetiniń khabarshysy. Filologiya seriesy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 2(102), 75–80 [in Kazakh].
- 4 Syzdyqova, R. (2004). Abai zhane qazaqtyn ulttyq adebi tili [Abai and the Kazakh national literary language.]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Musabayev, G. (1996). Qazaq tilinin leksikasy [Vocabulary of the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 6 Suleimenova, B. (1964). O russkikh slovakh v proizvedeniakh Abaia [About Russian words in Abai's works]. *Izvestiia Akademii nauk Kazakhskoi SSR. Seriya obshchestvennykh nauk — News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Series General Sciences. Issue 4*, 15 [in Russian].
- 7 Kadyrova, B. M., Agaliyeva, N. B., & Zhumanbayeva, R.O. (2022). Qazaq tilindegi askeri terminderdin lingvistikalyq sipaty [Linguistic aspect of military terms in the Kazakh language]. *Toraigyrov universitetinin khabarshysy. Filologialyq seria — Bulletin of Toraygyrov University. Philological series*, 3, 75–86 [in Kazakh].
- 8 Shengelbaeva, N.R. (2009). Qazaq tilindegi askeri terminderdin sozzhasam zhuiesi [Linguistic nature of military terms in the Kazakh language]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Baizhanov, T. (1991). Qazaq tilindegi askeri leksika [Military vocabulary in the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 10 Kozhagulova, Q. (2006). Qazaq zhane agylshyn tilderindegi diplomatiialyq terminderdin zhasalymy [Creation of diplomatic terms in Kazakh and English languages]. Almaty [in Kazakh].
- 11 Montler, T. (2021). The Grammar of Traditional Personal Names in Klallam. *Anthropological Linguistics*, Vol. 63(1/2), 211–225. Retrieved from <https://www.jstor.org/stable/27260580>.
- 12 Syzdyq, R. (1995). Abaidyn soz ornegi [Abai's word expression]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 13 Kopylenko, M.M., Ahmetzhanova, Z.K., & Zholtaeva, T.U. et al. (1990). Kazakhskoe slovo v russkom khudozhestvennom tekste [The Kazakh word in the Russian literary text]. Alma-Ata: Gylym [in Russian].
- 14 Isaev, S. (2014). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. (Comp.: G. Anes i N.S. Isaeva). Almaty: «Abzal-Ai» baspasy [in Kazakh].
- 15 Van Dyne, S.S. (1990). Twenty rules for writing detective novels. *How to make a detective*. Moscow: NPO «Rainbow», 317 p.

Information about the author

Gabdrakhman, Tolegen Sagynbekuly — 3rd year PhD student in Speciality «8D02305 Philology», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: tolegen88@mail.ru